



«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
БІРІНШІ ИНСТАНЦИЯДАҒЫ СОТЫ

28 сәуір 2022 жыл

No: AIFC-C/CFI/2022/0001 ic

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ИНДУСТРИЯ ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ДАМУ
МИНИСТРЛІГІНІҢ АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ КОМИТЕТІ

қарсы

Талап қоюшы

«ДЖЕНГИЗ ИНШААТ САНАЙИ ВЕ ТИДЖАРЕТ А.Ш.» АҚ

Жауапкер

ШЕШІМ

Сот Судьясы:

Судья Сэр Руперт Джексон

БҰЙРЫҚ

1. Сот Талап қоюшы, Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті, "Дженгиз Иншаат Санайи ве Тиджарет А.С." акционерлік қоғамы мен Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті арасындағы 2021 жылғы № AIFC-C/CFI/2021/0005 іс бойынша қабылданған 2021 жылғы 16 қарашадағы сот шешімі бойынша 1 335 170 336 теңге мөлшеріндегі берешек соманы 2022 жылғы 30 қыркүйекке дейін төлеуі тиіс деп қаулы етеді.

ШЕШІМ

1. Соттың осы шешімі Талап қоюшының, Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Автомобиль жолдары комитетінің, «Астана» халықаралық қаржы орталығы Сотының №.AIFC-C/CFI/2021/0005 іс бойынша «Дженгиз Иншаат Санайи ве Тиджарет А.Ш.» АҚ пайдасына Комитеттен 1 335 170 366 теңге мөлшеріндегі берешекті өндіріп алу туралы 2021 жылғы 16 қарашадағы шешімін орындау мерзімін 2022 жылдың аяғына дейін кейінге шегіндіру туралы 2022 жылғы 10 ақпандағы арызына қатысты.
2. Мен екі тарап ұсынған материалдарды мұқият қарап шықтым.
3. Автомобиль жолдары комитетінің кінәсі оның 2021 жылғы 16 қарашадағы сот шешімін орындау үшін қаражат қамтамасыз ету бойынша уақтылы шаралар қабылдамауында болып табылады. Екінші жағынан, істің ағымдағы жағдайы бойынша осының нәтижесінде Комитет қазіргі уақытта сот шешімі бойынша берешекті төлей алмайды.
4. Мен қажетті қаражатты қамтамасыз ету үшін Комитетке бір жыл керек дегенмен келіспеймін. Сақталуы тиіс процедуралар бар, алайда, егер Комитет тез әрекеттенетін болса, ол қажетті қаражатты 2022 жылғы 30 қыркүйекке дейін қамтамасыз ете алады.
5. Сот берешегін төлеу мерзімін Сот 2022 жылғы 30 қыркүйекке дейін ұзартады. Сот Автомобиль жолдары комитеті сот берешегін 2022 жылғы 30 қыркүйекте немесе одан бұрынырақ төлеуі тиіс деп қаулы етеді.

Сот қабылдады,

Rupert Jackson

Сэр Руперт Джексон
Судья, АХҚО Соты

